

A decorative border surrounds the page, featuring a mix of autumn leaves in shades of red, orange, and yellow, along with small dark berries. The background is a light green color.

# **«Өмірге үйлесімділік» үйірмесі**



# СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨМІРГЕ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

## Мақсаты:

- Студенттердің рухани-адамгершілік сапасын дамытатын, ынталандыратын үйірме ұйымдастыру
- Жастардың өмірге қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу
- Жас ұрпақтың қоғамға қызмет етуге бағытталған жасампаздық белсенділігін дамыту

## Үйірмеде талданатын негізгі ұғымдар

- ❖ **Өмірге үйлессімді студент дегеніміз**- бойында жауапкершілігі бар, қоршаған ортаға, өзіне сыйластықпен қарайтын, өз қызығушылығын басқаның қажетімен байланыстыра алатын, яғни өз мүддесін әлеумет мүддесімен теңестіре білу қабілеті бар адам деген түсінік.
- ❖ **Өмірге үйлесімділік тәрбиесі** - қоғамдық үрдіс, қоғам мен жеке тұлғаның ара қатынасын қамтамасыз ететін басты жүйе. Оның негізгі өлшемі өмірге қажетті тұлғаның жағымды қасиеттерін дамыту болып табылады. Адам тіршілігінің саналығының белгісі-оның өзгелерге деген адамгершілік қарым-қатынасы.
- ❖ **Өмір ағымына үйлесімділік дегеніміз** - адамдардың гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Ол адалдық, шыншылдық, әдептілік, жанашырлық пен сенім сияқты қасиеттерді қамтиды.
- ❖ **Жастардың өмірге үйлесімділігі дегеніміз**- тұлғаның өз мүддесін әлеумет мүддесімен теңестіре білуі. Адамгершілігі жоғары адам ол-өмірге үйлесімді адам.



❖ **Жақсылық, ізгілік.** Бұл адамның өзінің өмір сүруі үшін жауапкершілік. Адам кешірімшіл болып, кешіре білуге үйренгенде өмір қуанышқа, жақсылыққа толы болады. Ондай адам өзімен өзі, өзгелермен үйлесімділікте өмір сүреді.

❖ **Махаббат.** Достықтың, тату-тәттіліктің, құрмет-ізеттің асқаршыңы. Онсыз өмірдің мәні, қызығы, құны жоқ.

❖ **Достық.** Адамдар арасындағы байланыстың ең ізгі, ең қалаулы, ең келісті, бірін-бірі қажетсіну, құрмет тұту сезімі. Достықтың нәрі - оның қадіріне жете білу.

❖ **Ақыл.** Ең ақылды адам - өзінің шамасын білетін адам. Ақылды болуға жетелейтін үш жол бар: бірінші, тәжірибе жолы - ең ащы жол, екінші, ұқсау жолы - ең жеңіл жол, үшінші, ойлау жолы - ең таза жол, - дейді ежелгі қытай мақалында.

❖ **Білім.** Ақпарат, мәдени жүйе, өмір тәжірибесінің жиынтығы. Адам баласының байлығы, қазынасы.

❖ **Денсаулық.** Баға жетпейтін асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, күш – жігерді, еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек.

❖ **Отбасы.** Адам баласының алтын діңгегі. Сыйластық, жарастық орнаған орта. Ұрпақ тәрбиесі отбасына байланысты. Еріне әйелі аманат, әйеліне ері аманат, әлекеуіне балалары аманат. Аманатқа қиянат жасауға болмайды.

❖ **Ар-иман.** Ниет тазалығы дегеніміз арлылық, имандылық. Құран Інжілде мынадай сөз бар: "Ниетіңе орай жаза аласың, өлшеміңе қарай үлес аласың". Байлыққа құнықпа, иманыңды суытпа, Алланың өзі беріп, өзі алатынын ұмытпа.

❖ **Адамгершілік қасиеттері қалыптасқан,** бойында жауапкершілігі бар, қоршаған ортаға, өзіне сыйластықпен қарайтын, өз қызығушылығын басқаның қажетімен байланыстыра алатын, яғни өз мүддесін әлеумет мүддесімен теңестіре білу қабілеті бар адам заманға сай, үйлесімділікте өмір сүре алады.